

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ

«Музей - тарих, музей – тағылым, музей – білім».

Мәдениеттану пәнін оқыту барысында музейлерге бару, көркем галереяларды тамашалау, бейнелеу өнер, сәулет өнерінің жетістіктерін, экспозицияларды көру, білу пәнді қызықты өткізудің әдісі. Музейлерге баруда өз кезегінде мәдени және тұлғалық сана сезімін арттырып, елге, жерге деген сүйіспеншілікті туғызады.

Мәдени білім беруде музейге бару дуальды білім берудің ажырамас бөлігіне айналу тиіс. Яғни, теория мен тәжірибе бір-бірін толықтырып, одан сайын қызықты әрі түсінікті қылады. Музейдегі артефакт, археологиялық қазба экспонаттар, материалдық мәдениеттің жәдігерлерін, тарихын, түрлерін, құрылымын, мәдени астарын білу барысында пәнге деген қызығушылығы мен құштарлығы ұлғайа түседі. Экскурсиялық қызметтің қыр-сырын білуге де мүмкіндік.

Мәдениеттану пәні аясында Қазақ мәдениетінің тарихы тақырыбындағы практикалық сабақты Ұлттық музейде өткіздім. Көшпелі сабақ барысында студенттер теориялық түрде алған білімдерін, көзбен көріп санада бекітті. Теория мен практикалық сабақтың үйлесімділігі біраз уақыт студенттердің есінде қалары анық.

Көп студенттер Ұлттық Музейде бірінші рет болғанын, одан алған әсерін айтып рақметін айтып жатты. Екіншіден Қазақ халқының материалдық мәдениеті мен өркениетінің биік деңгейде болғанын көздерімен көрді. Әр экспонатқа зер салып, Алтын адамды тамашалады. Естелікке суретке түсті.



Талқылауға арналған сұрақтар?

1. Сіз музейге қаншалықты жиі барасыз?
2. Қандай музей сіздің есіңізде қалды және несімен таңқалдырды?
3. Ұлттық Музейге бардыңыз ба? Несімен есте қалды?
4. Әлемдік қандай музейлер бар?
5. Экскурсия – мәдениет құбылыстарын зерттеудегі рөлі?
6. <https://www.youtube.com/watch?v=bjEUvs-QEg4&t=609s> көріңіз.